Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
«№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
**БҰЙРЫҚ**

Актюбинская область
Байганинский район
коммунального государственного учреждения
«Карауылкелдинская средняя школа-гимназия №4»
**ПРИКАЗ**

**«29» қаңтар 2022 жыл** **№ 237** **Қарауылкелді ауылы**

**Мектептің өзін -өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 14 қаңтар 2022 жылдың №3 педагогикалық кеңес отырысының шешімі негізінде 2021 – 2022 оқу жылының 01.02- 28.02 аралығында мектепте өзін - өзі бағалау ұйымдастырып, өткізілсін.
2. Төмендегі мектеп қызметкерлерінен өзін -өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамы жасақталып, атқаратын қызметтері бөлініп берілсін.

2.1. Дабысов Мұрат Қосайқұлы – мектеп директоры, комиссия төрағасы
Суйесинов Қайрат Игликович – оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Азов Нұржан Аманкелдіұлы - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Абенова Бибигуль Амангалиевна – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Базарбаева Венера Қырымқызы – бастауыш ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры: М.Дабысов

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін

өзін-өзі бағалауының қорытынды

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

| | |
|---|---|
| Дабысов Мұрат Қосайұлы-комиссия төрағасы | мектеп директоры |
| Суйесинов Кайрат Игликович - комиссия мүшесі | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары; |
| Азов Нұржан Аманкелдіұлы-комиссия мүшесі | мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; |
| Базарбева Венера Қырымқызы-комиссия мүшесі | мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша орынбасары |
| Абенова Бибигуль Амангалиевна-комиссия мүшесі | әдіскер |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды:
1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2) оқу және оқыту;
3) білікті қызметкерлердің болуы;
4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

**«№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ашылған жылы: 2019 жыл 1 қыркүйек

БСН: 190540029716 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 13 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2019 жыл 29 мамыр. Заңды мекен-жайы: 030300 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылдық округі, Қарауылкелді ауылы Теміржол-1 көшесі №2А ст-е, Электрондық мекен-жайы: 4mektep-gimnaziya@mail.ru, мектеп сайты: https://sh-karauylkeldi4.baiganin.edugov.kz/kz, телефон, факс: 8(71345) 74190.

Мектептің техникалық паспорты 2020 жылы 18 наурызда жасалған. Қабат саны-2, құрылыс ауданы-4770,6, ғимараттың ауқымы-34911, жалпы алаң-5957 салынған жылы-2019 жыл.

«№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 13.01.2021 жылы тіркелген.

«№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы - «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты».

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімі м.у.а. 2020 жылғы 13 ақпандағы №38 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 2.6189 га) кадастрлық номері: 02-023-015-599

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БжҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 29 қаңтар 2021 жылғы №KZ39LAA00021033, Қызмет түрінің кіші түрлері: бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру, мерзімі– шектелмеген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы №KZ65RVK00024440 хабарлама.

Мектептің қаржы-экономикалық жағы аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің мөрі бар.

««№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепішілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры -Дабысов Мұрат Қосайұлы, 2020 жылы 22 сәуірде Байғанин аудандық білім бөлімінің №25 бұйрығымен №4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясының басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектептің даму бағдарламасы: «Көшбасшылық арқылы оқыту мен тәрбиелеу жұмысын дамыту»

Бағдарламаның мақсаты: 2019– 2022 оқу жылдары

Оқу сапалылығын қамтамасыз ету;

Оқушылар бойына ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр құндылықтарын сіңіру;

Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;

2019-2020 оқу жылы: Басқару мен көшбасшылықты дамыту; Мұғалімдерді кәсіби дамыту;

2020-2021 оқу жылы: Оқыту мен оқу әдістерін жетілдіру; Бағалау тәсілдерін дамыту;

2021-2022 оқу жылы: Оқушылардың индивидуалды дамуына ықпал ету; Мектепте коммуникацияны дамыту;

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы жұмыс оқу жоспарлары тексерілді. Сабақ кестелері міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған.

2019-2020 оқу жылында 1-4-сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

5-9-сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;
10-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) үлгілік оқу жоспары;
11-сынып ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 үлгілік оқу жоспары;
«2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-440 б (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2020-2021 оқу жылында 1-4-сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;
5-9-сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;
10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
«2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.
2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;
5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы; 5-9 гимназиялық сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 19-қосымшасы;
10-11 гимназиялық сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 27-қосымшасы;
11-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 31-қосымшасы,
Үйден оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 14-қосымшасы.

3) Инвариантты компонент пәндері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылуда.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы 2019-2020 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 бұйрығы негізінде жасалған. 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалынған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиені тұжырымдамалық негіздері;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген,

2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс – шаралар жоспары;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, ҚР өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері.

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтыруларымен); -

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-IY2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтыруларымен);

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтыруларымен);

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-II Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-IY Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтыруларымен);

- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту.

Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- v Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- v Рухани-танымдық тәрбие.
- v Ұлттық тәрбие.
- v Отбасылық тәрбие.
- v Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- v Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- v Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- v Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы аталған бағыттар бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

2020-2021 оқу жылына арналған №4 Карауылкелді орта мектеп-гимназиясындағы тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/.

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Аталған жобаның мақсаты: - білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту; - білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру; - экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Рухани- адамгершілік тәрбие

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру

Мектептегі отбасылық тәрбие

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Зияткерлік тәрбие құндылығы

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басщылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жоғарыда аталған бағыттар ойынша жыл басында бекітілген жоспарлар карантиндік шектеу жағдайында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық – бұқаралық іс – шаралар тоқтатылып, бұл шаралар онлайн түрде жүргізілді.

2021-2022 оқу жылына арналған №4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясының тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 10 қосымша Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-

2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары төмендегідей:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3)«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4) 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы
4)«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;
6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
10) ҚР БҒМ 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар негізделіп құрылды.

Тәрбие шаралары барлық ынталы тараптардың: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен бірлескен түрде жұмыс жүргізіледі;

· Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

· Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологисы мен стратегиясын анықтау;

· Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;

· Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басщылыққа алуына ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылады.

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- Рухани-танымдық тәрбие.
- Ұлттық тәрбие.
- Отбасылық тәрбие.
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы аталған бағыттар бойынша жоспар құрылып, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. ашық тәрбие сағаттары,мәдени-спорттық іс-шаралар, зияткерлік сайыстар, рухани-адамгершілік кездесулер, мектепішілік клубтар т.б жұмыстар жүйелі, уақытымен өткізілуде.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі – сыныптан тыс жұмыстар. Оның мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеті мен дербестіктерін жан-жақты дамыту, бос уақытын тиімді, ұтымды ұйымдастыру болып табылады. Балаға білімінің молаюына, дүниетаным аясының кеңеюіне үйірмелердің, сыныптан тыс жұмыс түрлерінің тигізетін әсері мол.

2019-2020 оқу жылындағы №4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясындағы жұмыс жасаған үйірмелер туралы мәліметтер

Мектепішілік үйрмелер: «суретші балапан» -13 оқушы, «Ұлттық таным» -12 оқушы, «Қолданбалы қолөнер»- 15 оқушы, «Шебер қолдар» үйірмесі -17 оқушы, «Әсем әуен»- 25 оқушы қатысқан.

Одан басқа волейбол, баскетбол, үстел теннисі, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, футбол, баскетбол және робототехника, «Жас сарбаз»әскери-патриоттық үйірмелері жұмыс жасап келеді.

Үйірме жұмыстары уақытылы жасалынып, жандандырылып отырды және аудандық, облыстық жарыстарда бақ сынап жетістіктерге жетіп отырды, III тоқсан аяғында төтенше жағдай жариялануына байланысты барлық үйірмелер онлайн оқытуға көшірілді.

2020-2021 оқу жылындағы №4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясындағы жұмыс жасаған үйірмелер туралы мәліметтер:

Мектепішілік үйірмелер: «Суретші балапан»- 13 оқушы, «Ұлттық таным»- 12 оқушы, «Қолданбалы қолөнер»- 12 оқушы, «Шебер қолдар» үйірмесі 15 оқушы, «Әсем әуен»- 25 оқушы қатыстырылған.

Оқушыларға сонымен қатар волейбол, баскетбол, үстел теннисі, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, футбол, баскетбол және робототехника үйірмелері жұмыс жасады.

2021-2022 оқу жылындағы №4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясындағы жұмыс жасаған үйірмелер туралы мәліметтер

«Суретші балапан»- 14 оқушы, «Ұлттық таным»- 15 оқушы, «Қолданбалы қолөнер»- 15 оқушы, «Шебер қолдар» үйірмесі -24 оқушы, «Әсем әуен»- 24 оқушы, волейбол үйірмесі 15 оқушы, бес табан -15 оқушы қатыстырылып отыр.

Волейбол, баскетбол, үстел теннисі, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, футбол, баскетбол, робототехника, "жас сарбаз" әскери-патриоттық үйірмелері жұмыс жасайды.

Аталған үйірмелерге оқушылары қатысымы жақсы, осы үйірмелерге қатысу арқылы оқушылар жетістікке жетуде.

6) Зияткерлік олимпиадалар мен конкурсарға қатысу нәтижелері:

2019-2020 оқу жылында халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері:

«Кенгуру-математика барлығы үшін» Нұрбекқызы Э 4 кл I орын, Нұрлыбай Н 4 кл I орын, Кенжебек М 4 кл I орын,

«Русский межвежонок-языкознание для всех» Мұратбекұлы 6 кл III орын

Республикалық

«Абай» пәндік олимпиадасынан Орынбай А 4 кл I орын, Амангелді А 4 кл I орын, Жақсығали С 4 кл I орын, Ертарғынова А 4 кл I орын, Жаңабай Д 4 кл I орын;

«Ақбота» интеллектуалды марафоны Якубова Г II орын, Нұрбекқызы 4 кл II орын, Тілектесова Ж 4 кл II орын, Түгелов Н III орын;

«Человек и природа» Сәрсенғалиев Д 4 кл III орын,Өтес Д 4 кл III орын, Серіков Н III орын 3 кл, Жаңабай Р 3 кл III орын, Аканова А 3 кл III орын, Түгелов Б 1 кл III орын;

«Мерейлі отбасы» қашықтық байқауынан Қарағұлова Н 4 кл III орын

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша қашықтық олимпиадасы Берікова А 9 кл I орын

Облыстық

Қазақстан Республикасының Президенті атынан Жаңа жылдық Шыршаның қарсаңында өткен оқушылар,ата-аналар және педагогтерге арналған облыстық "Жаңа жылдық ойыншықтар" байқауында қолөнер шеберлігін танытқаны үшін Жалғасова Айнұр 7 кл, Нұрадинова Аймен 7 кл, Есентурлина А 6 кл , Иманбаева А 7 кл мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі: Иманбаева Г.Ш

«Жаңа жылдық шыршалар» суреттер конкурсы бойынша Мақсұтов М II орын, Иманбаев А Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: Хусайнов А

Аудандық жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде:

Төремұратқызы Таңшолпан 9 кл 2орын, Жанболатова Балдәурен 9 кл 3орын ,Өтениязова Жазира 9 кл 2 орын, Тоғызбай Гүлден 9 кл 2 орын, Есқали Райна 2орын, Ангелин Қанатбек 11 кл 2орын, Наренбаев Даниял 11 кл 3 орын, Орынбасарова Алтынай 11 кл 2 орын, Ержан Диас 11 кл 1 орын, Зайдулла Гүлмира 2орын, Қарағұл Дәулет 9 кл 2 орын, Қайратұлы Парасат 9 кл 2 орын, Жақсылық Ақжол 11 кл 3 орын,Арғынбай Фарида 9 кл 3 орын, Бозақова Рауза 9 кл 3 орын, Сарсенова Дарина 9 кл 1 орын, Сауытбаева Ұлмекен 11 кл 2 орын, Базарбаева Аида 11 кл 1 орын, Әскербай Зейнеп 11 кл 3 орын, Жолдыбай Айғаным 2 орын 9 кл, Алпамыс Артур 11 кл 3 орын, Уәлиханова Тахмина 11 кл 2 орын иеленді.

«Жарқамыс тербетеді жыр бесігін» аудандық мәнерлеп оқу сайысында Ақанұлы Бекжан 7 кл 2орын, Құдайбергенова Үміт 7 кл 2орын иеленді.
«Ақберен» аудандық жарысында Әлібекұлы Ибрахим 8 кл 2орын, Хамза Бейбіт 8 кл 2 орын иеленді.
Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

2020-2021 оқу жылында республикалық «Абайтану» олимпиадасы 9кл оқушысы Кәдірбай Марғұлан 3 орынмен марапатталды.
«Абай» пәндік олимпиадасы Жұмабаева М I орын 3 кл, Ермұратова I I орын 3 кл;
«Ақбота» интеллектуалды марафонынан Иманбаева А 8 кл физика пәні бойынша I орын, Жалғасова А 8 кл III орын, Нұрадинова А 8 кл III орын
«Жас дарын» ғылыми жұмыстар конкурсынан физика пәні бойынша Алпамыс Б 9 кл I орын, Сәрсенғалиева Н 9 кл I орын,Әлібекұлы И I орын
5-6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан жаратылыстану пәні бойынша Хамза А I орын, Серіков Е бас жүлде
«КИО» олимпиадасынан Серіков Е I орын, Берікова А I орын
Облыстық
Зерде шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмысы
7 класс оқушысы Амандық Арман марапаттау қағазымен марапатталды.
«Абайтану» олимпиадасы 9кл оқушысы Кәдірбай Марғұлан 1орынмен марапатталды.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде.
10кл оқушысы Төремұратқызы Таңшолпан 10 кл 2орын иеленсе, 9кл оқушысы Кәдірбай Марғұлан 2 орын иеленді.
«Ақберен» байқауынан Кеңесбаева А мақтау қағазымен марапатталды
Облыстық қашықтықтан физика пәні бойынша олимпиада Сауытбаева Ұ II орын, Жанболатова Б III орын
«Аламан» олимпиадасынан Сәрсенғалиев Н мақтау қағазымен марапатталды
Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба конкурсынан Әлібекұлы Ибраһим 9 кл мақтау қағазы.
Аудандық жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде:
9кл оқушысы Кәдірбай Марғұлан 1 орын, 10кл оқушысы Жанина Айымжан 3орынмен, 9кл оқушысы Сағынтайқызы Фатима 2орынмен, 10класс оқушысы Борангалиева Диана 3 орынмен, 10кл оқушысы Өтениязова Жазира 3 орынмен, 9кл оқушысы Айдынғалиева Таңнұр 3орынмен, 10кл оқушысы Жолдыбай Айғаным 1 орынмен, 10кл оқушысы Сарсенова Дарина 1 орынмен, 11кл оқушысы Сауытбаева Ұлмекен 2 орынмен, 11 кл оқушысы Бекжанов Дулат 2 орынмен, 11класс оқушысы Мажитова Гаухар 3 орынмен, 10кл оқушысы Төремұратқызы Таңшолпан 1 орынмен марапатталды.
5-6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиада Көмекова А I орын, Тыныштық Л I орын, Шәриева М II орын,Айса Ж II орын,Нұрадинов Ұ I орын, Қыдырбаева Н II орын,Амандық А III орын,Серікова Ф III орын, Әлібекқызы М III орын
«Ақберен» байқауынан Хамза Б III орын
«Робосумо мини» робототехника чемпионатында Оңдаш Ә III орын
8-11 сынып оқушылары арасындағы жобалар байқауынан Әлібекұлы И I орын

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері
2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» ғылыми жобасынан Шәриева М II орын, Есентурлина А II орын, Тыныштық Л II орын, Нұрадинов Ұ II орын, Амандық А II орын

Республикалық "Өрлеу" порталының және "MediaBilim" ақпараттық танымдық журналының ұйымдастыруымен өткен "Қош келдің,Алтын күз" атты республикалық жас таланттар байқауының "Берекелі Алтын күз" номинациясы бойынша Аманиязова А.М I орын,Тыныштық Л.М I орын, Хамза А.Ж I орын, Төлепберген Ж I орын, Қыдырбай А I орын.Жетекшісі: Иманбаева Г.Ш

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында "Шексіз шығармашылық" республикалық қашықтықтан өткізілген байқауда Өтебаев Д I орын алды.
Аудандық «Жарқамыс тербетеді жыр-бесігін» шығармашылық байқауында Ақанұлы Б II орын, аудандық «Жем бойының жауһары» байқауынан Құдайбергенова Ү III орын, Ақанұлы Б мақтау қағазымен марапатталды.

2021-2022 оқу жылында Зерде республикалық 2-7 сынып оқушыларына арналған зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсы облыстық кезеңнен 3 а сынып оқушысы Елеусін Үміт III орын.
Облыстық «Бес кітап» байқауы: Нұрадинов Ұ, Хамза А, Қаракешова А, Қаракешова А, Жеткергенова К мақтау қағазымен марапатталды.
«Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінен Көмекова Н I орын.
«Менің кіші Отаным» облыстық байқауының аудандық кезеңінен Сәрсенғалиев Н I орын
«Мейірім әлемді құтқарады » облыстық байқауынан Ануарбекова Фария I орын, Ақылбаева Айша 4 сынып оқушылары III орын.
Облыстық «Кішкентай білгірлер» байқауының аудандық кезеңінен Нұрадинов О,Ермұратова І, Марат Ә 4 сынып оқушылары III орын.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың аудандық кезеңінен I орын: Кәдірбай М(қазақ т мен әдебиеті) 10 кл, Әлібекұлы И (информатика) 10 кл, Төремұратқызы Т (өзін-өзі тану) 11 кл, Қарағұл Д (география) 11 кл, Мақсұтов М (орыс т мен әдебиеті), Иманбаев А (ағылшын тілі)
II орын: Анесова Г(физика) 11 кл, Арғынбай Ф(химия) 11 кл, Сәрсенғалиев Н (география) 10 кл, Өтениязова Ж (орыс т мен әдебиеті) 11 кл, Кеңесбаева А (құқық) 11 кл,
III орын:Досан А (биология) 10 кл, Берікова А (ағылшын тілі) 11 кл, Жандарбекова А (өзін-өзі тану) 10 кл, Жалғасова А (биолгоия), Орынбай А (химия)
Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері
Республикалық «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауының облыстық кезеңінен Есет А 5 кл II орын, Амандық А 6а II орын, Қуандықова С 9 а II орын, Жетекшісі: Иманбаева Г.Ш
«Алтын қазына» облыстық көрме байқауынан Нұрадинова А 9 кл I орын,Жалғасова А 9 а кл I орын, Қыдырбай А 6 а кл I орын иемденді.

7) спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері бойынша №4 Қарауылкелді орта мектеп – гимназиясының 2019 -2020 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

1. Кенжебек Мансұр 5 класс оқушысы дзюдодан 2008-2010ж.т кіші жасөспірімдер арасында I орын Дзюдодан 2008-2010 ж.т кіші жасөспірімдер арасында обл турнирі II орын Мәртөк ауданы
2. Кадралы Бекарыс 6 класс оқушысы дзюдодан 2008-2010 ж.т жасөспірімдер арасындағы ашық турнир I орын Мартук ауданы
3. Төремұратқызы Таңшолпан Диплом «Едіге батыр» тақырыбындағы эссе байқауы
4. Кәдірбай Марғұлан 8 класс оқушысы Диплом Жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында өткен III республикалық "Абайтану" олимпиадасының жүлдегері,облыс әкімінен Алғыс хат, Республикалық «Ділмар» шешендік өнер II орын
5. Сәкен Әлихан 7 класс оқушысы Республикалық «Дала сазы» байқауы I орын
6. Сәденов Бекарыс 7 класс оқушысы Республикалық «Дала сазы» байқауы I орын
7. Уалиханұлы Заңғар 5 класс оқушысы Құрмет грамотасы Қазақ күресінен ең жақсы әдіс көрсеткені үшін қазақ күресінен III орын
8. Жалғасова Айнұр 7 класс оқушысы Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығы «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауы Алғыс хат 2019ж.
9. Ғабитқан Бағлан 7 класс оқушысы Еркін күрестен ҚР Тәуелсіздік күніне арналған жасөспірімдер арасындағы біріншілігінде II орын, Мақтау қағазы.

10. Иманбаев Арсен 7 класс оқушысы Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығы «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауы Алғыс хат 2019ж.
11. Кадралы Бекзат 5 класс оқушысы Еркін күрестен 25 кг салмақ дәрежесінде III дәрежелі Диплом, Дзюдо күресінен «ЖАН ЭКО Сервис – С» ЖШС – нің жүлдесінеарнарналған облыстық ашық турнирінде II орын
12. Нұрадинова Аймен 7 класс оқушысы Ақын Сағи Жиенбаевтың 85 жылдығына арналған «Сырлы ақынның нұрлы жырлары»атты онлайн байқауы.Алғыс хат.2019ж.
13. Әлібекұлы Ибрахим 8 класс оқушысы аудандық «Робототехника» үйірмесі Мадақтама
14. Кеңесбаев Ақниет 9 класс оқушысы "Ақберен" байқауының домбыра аспабы бойынша мақтау қағазы

2020 -2021 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

1. Ғабитхан Нұрислам 4 класс оқушысы Еркін күрестен 2009-2010 ж.т кішіжасөспірмдер арасында обл турнир III орын Ақтобе қаласы 2021 жыл
2. Хамза Ақгүл 6 класс оқушысы «Би толқынында – 2021» Лауреат, «Туған елің Қазақстанды жақсы білесің бе?» респуликалық балалар оқулары мақтау қағазы
3. Куандықова Сабина 8 класс оқушысы «Халықаралық Махамбет, Абай және Мұқағали оқуларына»қатысысқаны үшін Диплом, Халықаралық «ALASH ONER ORDASY» ұйымдастыруымен өткізілген байқауда қолөнер бағыты бойынша БАС ЖҮЛДЕ.
4. Мұратұлы Диас 5 класс оқушысы Облыстық «Жұлдызды талант»өнер байқауында II орын
5. Нұрадинова Аймен 8 класс оқушысы «Едіге батыр» эссе байқауы Мақтау қағазы
6. Амандық Арайлым 8 класс оқушысы Республикалық Абай оқулары Диплом, Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен XX Спартакиада бағдарламасындағы «Шаңғы» жарысы бойынша командалық қыз балалар арасында III орын. Мадақтама. 2020ж.
7. Нұрадинов Ұлықбек 6 класс оқушысы Тәуелсіздіктің 30 жылыгына орай ұйымдастырылған аспапта ойнау байқауы II орын
8. Әлімбаева Назира 8 класс оқушысы Қаражар орта мектебінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Үстел теннисінен» 2005-2007 ж туылған жасөспірімдер арасында өткен аудандық біріншілікте I орын Мақтау қағазы, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған мектеп оқушылары арсында үстел теннисінен I дәрежелі Мадақтама .2021ж.
9. Қуандық Бибінұр 8 класс оқушысы Бәкір Төлеуұлы Тәжібаевтың туғанына 95 жыл толуына орай өткен «Жарқамыс тербетеді жыр бесігін» атты аудандық әдеби байқаудың қорытындысы бойынша «Ән мен жырдың Ақбұлағы» Бәкір өлеңдеріне жазылған ән орындау II орын
10. Амандық Арман Қуанышұлы 7 класс оқушысы Республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зертеу жұмыстары конкурсының аудандық кезеңінде II орын
11. Кадралы Бекзат 5 класс оқушысы аудандық Дзюдо күресінен 30кг салмақта I орын, Облыстық Дзюдодан ашық турнирде 24 кг салмақта I орын Еркін күрестен Бөлеков Лұқпан Нәбиұлын еске алуға арналған V ашық облыстық турнирде III орын 2019ж. Еркін күрестен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионатында III орын Мадақтама. 2022 ж
12. Уалиханова Гүлім 7 класс оқушысы волейболдан аудан жеңімпазы, Волейболдан 2007-2008 ж.т қыздар арасында жүлделі II орын 2021жыл Ақтобе, Қ.Р 2007-2008 ж.т жасөспірім қыздар арасында жүлделі I орын 2021жыл Орал қаласы
13. Әлібекұлы Ибрахим 9 класс оқушысы «KAZRoboticks – 2020» Сертификат
14. Амандық Аяулым 9 класс оқушысы Аудандық шаңғы жарысы бойынша III орын
15. Хамза Бейбіт 10 класс оқушысы "Ақберен" байқауының домбыра аспабы бойынша мақтау қағазы

2021 -2022 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері:

1. Ғабитхан Нұрислам 5 класс оқушысы Еркін күрестен 2010-2011 ж.т кішіжасөспірмдер арасында С.Бағдәулетұлының мерей тойына арналған обл турнир II орын Ақтобе қаласы 2021 жыл Еркін күрес 2008-2010 ж.т кішіжасөспірімдер арасында Т.Жазымовты еске алуға арналған обл.турнир III орын

2. Аманғали Ерқанат 5 класс оқушысы Ауыр атлетикадан обл.чемпионты II орын Ақтобе қаласы

3. Құдайберген Самал 5 класс оқушысы "Жаңа жылдық калейдоскоп-2022" жыр байқауы I орын

4. Қыдырбаев Нұршапағат 7 класс оқушысы Гір спорты II орын, Гір спорты III орын, Ауыр атлетикадан обл.чемпионты III орын Ақтобе қаласы

5. Уалиханұлы Заңғар 7 класс оқушысы «Шұбар доп» волейбол бойынша Үздік қорғаушы

6. Нұрадинов Ұлықбек 7 класс оқушысы "Үкілі домбыр" атты күйшілер байқауы мақтау қағазы

7. Ерболатова Жайнар 8 класс оқушысы "Ұлтын сүйген ұланбыз"шығармашылық байқауы "Вокал" номинациясы II орын Ақтобе қаласы

8. Куандықова Сабина 9 класс оқушысы Республикалық «Дара бала» қолөнер байқауы I дәрежелі диплом «Ұлы даланың – Ұлыс күні» Республикалық байқауы III дәрежелі Диплом

9. Әлімбаева Назира 9 класс оқушысы Қаражар орта мектебінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Үстел теннисінен» 2005-2007 ж туылған жасөспірімдер арасында өткен аудандық біріншілікте III орын Мақтау қағазы, 2021-2022 оқу жылына арналған аудандық білім беру ұйымдарында оқушылар арасында қыз балалар арасында ФУТЗАЛДАН XXII аудандық спартакиадасы, I орын Мадақтама. 2022ж, 2021-2022 оқу жылына арналған аудандық білім беру ұйымдарында оқушылар арасында қыз балалар арасында ФУТЗАЛДАН XXII аудандық спартакиадасы на қатысып «Үздік қорғаушы» атанған Мадақтама. 2022ж

10. Құдайберген Үміт 9 класс оқушысы Жем өңірінің жарық жұлдызы, лирик ақын, сырлы сазгер, дала дарыны Бәкір Төлеуұлы Тәжібаевтың туғанына 95 жыл толуына орай өткен «Жарқамыс тербетеді жыр бесігін» атты аудандық әдеби байқаудың қорытындысы. Өз шығармашылығынан Бәкірге арнау. I орын, 2021-2022 оқу жылына арналған аудандық білім беру ұйымдарында оқушылар арасында қыз балалар арасында ФУТЗАЛДАН XXII аудандық спартакиадасы, I орын Мадақтама. 2022ж

11. Кадралы Бекарыс 8 класс оқушысы Дзюдодан 2007-2009 ж.т жасөспірімдер арасындағы ашық турнир I орын Қандыағаш қаласы, Дзюдодан ҚР 30 жылдығына орай III дәстүрлі турнир III орын Мартук ауданы

12. Байдулин Нұрасыл 6 класс оқушысы Облыстық «Жұлдызды талант» өнер байқауы II орын

13. Мұратұлы Диас 6 класс оқушысы Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 41 кг салмақ дәрежесінде II орын

14. Кәдіралы Бекзат 6 класс оқушысы Балалар-жасөспірімдер мектебінің 30кг салмақ дәрежесінде III орын

15. Ғабитқан Бағлан 9 класс оқушысы Еркін күрестен Бөлеков Лұқпан Нәбиұлын еске алуға арналған V ашық облыстық турнирде III орын, еркін күрестен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионатында III орын Мадақтама. 2022ж.

16. Жалғасова Айнұр 9 класс оқушысы Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығы Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер I дәрежелі Диплом. 2021ж.

17. Қыдырбаева Рысханым Болатқызы 10 класс оқушысы «Аңсар – Байғанин» қоғамдық бірлестігінің эссе байқауы. Алғыс хат

18. Уалиханова Гүлім 8 класс оқушысы Аудандық волейболдан мектеп лигасы I орын 2022ж, Волейболдан 2008-2009 ж.т жасөспірім қыздар арасында XXVIII республикалық турнир III орын Арал қаласы 2022ж

19. Аққазин Шыңғыс 10 класс оқушысы Гір көтеру жарысы бойынша +73 салмақта І орын Мәртөк ауданы 2022 жыл Гір көтеру облыстық чемпионаты +73 салмақта І орын, Ақтөбе қаласы 2022 жыл

8) Мектеп-гимназия жаратылыстану-математика бағыты бойынша жұмыс жасайды. Бұл бағыттың таңдалуы оқушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұранысы негізінде жүзеге асады. Арнайы ата-аналар мен оқушылардан алынған сауалнаманың негізінде инварианттық оқу жүктемесіне таңдау пәндері:

Терендетілген деңгейде: қазақ тілінде оқитын 10- класта физика, химия пәндеріне 2 сағаттан; қазақ тілінде оқитын 11 класта география, биология пәндеріне 2 сағаттан қосылды.

стандартты деңгейде: 10 және 11 кластарда «Дүние жүзі тарихы» пәніне 2 сағаттан қосылды.

Мектепте 5,6,7,8,9,10,11 сыныптар бойынша 7 гимназиялық сынып бар, онда -127 оқушы оқиды.

9) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі 2021-2022 оқу жылында 1 оқушы инклюзивті оқыды. 7-сынып оқушысы Кулбаев Әділет, диагнозы: «психикалық дамуы тежелген» F-83, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес оқытылуда.

8 -сынып оқушысы Қызыл Медина Бауыржанқызы, диагнозы: *G80.0 Спастический церебральный паралич,* ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасына сәйкес үйден оқытылады.

10) Оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін, ой-өрістерін кеңейту, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру, оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру, логикалық ойлау қасиеттерін дамыту мақсатында және оқушылардың тұрмыстағы экономикалық көзқарасын қалыптастыру, еңбекке құлшынысын арттыру, жоба жоспарын құру, өз мақсатын жүзеге асыруға үйрету, таным көкжиегін дамыту, қоршаған ортаның қыр-сырларымен тереңірек таныстыру мақсатында оқу жұмыс жоспарына төмендегідей курстар енгізілді:

Бастауыш деңгейі бойынша:

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан, ал 3-сыныпта 2021-2022 оқу жылында «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

Вариативті компоненттен, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар түрінде қызықты математикадан түрлі есептеу тәсілдерін дамыту мақсатында 2 сыныптарға 1 сағаттан 2 оқу сағаты, математика әлемінен оқушылардың математикалық, логикалық қабілеттерін арттыру мақсатында 3 сыныптарға 1 сағаттан - 2 оқу сағаты, 4 сыныптарға 1 сағаттан 2 оқу сағаты берілді.

Негізгі деңгей бойынша:

Вариативтік компоненттен жаһандық құзіреттілік курсынан 5 сыныптарға білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамыту мақсатында «Парасаттылық және әдеп» курсына 2 оқу сағаты, 6 сыныпқа білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйрету мақсатында «Экология» курсына 2 сағат, 7 сыныпқа ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтуды үйрету үшін «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсына 1 сағат, 8 сынып білім алушыларын ақпаратпен жұмыс істеуге,

материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» курсына 1 сағат берілді.

Оқу жоспарында элективті курстардан 5 сыныптарға оқушылардың ой-өрісін кеңейту, табиғатты танып білу мақсатында «Адам және табиғат» тақырыбында 1 сағат, оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіру мақсатында «математикалық логика» 1 сағат, 6 сыныпқа оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын арттыру, қазақ тілінен ауызша сөйлей білу, өз ойын жеткізе білу мақсатында мақсатында «Тіл әлеміне саяхат» тақырыбында 1 сағат, 7 сыныпқа «практикалық қазақ тілі» 1 сағат, 8 сыныпқа Қазақстан тарихынан «бабалар тарихы-асыл қазына» тақырыбында 1 сағатттан алынды.

Гимназия сыныптары бойынша элективті курстардан 5 сыныпқа оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын арттыру мақсатында «қызықты грамматика» тақырыбында 1 сағат, 6 сыныпқа жаратылыстанудан «Туған жердің флорасы мен фаунасы» тақырыбында 1 сағат, 8 сыныпқа «шешендік өнер» 1 сағат, 9 сыныпқа қазақ әдебиетінен оқушыларға Абай мұрасын жеткізу мақсатында «Абай тағылымы» тақырыбында 1 сағат, «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсынан дінді зайырлы таным аясын тану мақсатында 1 оқу сағаты берілді.

Негізгі деңгей бойынша инварианттық компоненттен 7а класта алгебра -2 сағат, физика -2 сағат және қазақ тілі -2 сағат, 8а сыныпта биология -2 сағат, химия -2 сағат және алгебра -2 сағат, 9 класта алгебра -2 сағат, физика -2 сағат және химия -2 сағат комбинациялары таңдалды.

Гимназия компонентінен - 5 сыныптарға жаратылыстанудан оқушылардың ой-өрісін кеңейту, табиғатты танып білу мақсатында «Өсімдіктер әлемінде» тақырыбында 1 оқу сағаты математикадан «бөлшектерге амалдар қолдану» 1 оқу сағаты, Қазақстан тарихынан «мәдени мұра» тақырыбында 1 оқу сағаты, «Қазақстанның көне қалаларының тарихы» 1 оқу сағаты, қазақ әдебиетінен «көркем шығарманы оқу, талдау» 1 сағат берілді.

6 сыныптарға математикадан «экономикалық мазмұндағы есептер» тақырыбында 1 сағат, жаратылыстанудан «өсімдіктер физиологиясы» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «ежелгі қалаллар тарихы» 1 сағат, жаратылыстанудан «физикалық география» 1 сағат, қазақ тілінен «сөз өнері» 1 сағат гимназия компоненттері берілді.

7 сыныптарға математикадын «математкиалық сауаттылық» 1 сағат, Физикадан «Physics  the science of nature» 1 сағат, химиядан «теориялық химия» 1 сағат, Биологиядан «Жануарлар физиологиясы» -1 оқу сағаты, Географиядан «Материктер мен мұхиттар географиясы» » -1 оқу сағаты алынды.

8 сыныптарға математикадына «функциональдық сауаттылықты арттыру есептері» 1 сағат, физикадан «Physics in English» тақырыбында 1 сағат, химиядан «металдар химиясы» -1 оқу сағаты, тарихтан «орта ғасырдағы тарихи шығармалар» 1 сағат, биологиядан «биология және денсаулық» тақырыбында 1 сағат берілді.

9 сыныптарға математикадан «Pisa есептері» 1 сағат, физикадан «Basics of mechanics» курсынан 1 сағат, химиядан «ағылшын тіліндегі бейорганикалық химия терминологиясы» 1 сағат, биологиядан «биология ағылшын тілінде» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «тарихи тұлғалар» тақырыбында 1 сағат берілді.

Жоғары деңгей бойынша:

Вариативті компоненттерден 10 сыныпқа математикадан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында «Математикалық сауаттылық» 1 сағат, қазақ тілінен «эссе жазу үлгісіндегі ерекшеліктер» 1 сағат, «әдеби тіл нормалары» 1 сағат, 11 класта жаһандық құзіреттілік бойынша білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренуін, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алуын, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгерту мақсатында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздерін» 1 сағат, математикадан «теңдеулер мен теңсіздіктер» 2 сағат, қазақ тілінен «сөз шеберлігі» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «туған өлке тарихы» 1

сағат, «18-20 ғасырлардағы ұлт азаттық көтерілістер» 1 сағат, химиядан «химия тұрмыста» тақырыбына 1 сағаттан берілді.

Гимназия сыныптарына 10 сыныпқа физикадан есептермен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Физика есептерін шешу әдістері» тақырыбында 1 сағат, биология пәнінен «генетика ғажайыптары» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «тұлғалар мен оқиғалар» 1 сағат, математикадан «математикадан стандарт емес есептерді шешу» 1 сағат, химиядан «химия есептерінің сырлары» 1 сағат, 11 сыныпқа биологиядан қоршаған ортаны қорғау мақсатында «тіршілік -өмір өзегі» 1 сағат, физикадан «эксперименттік физика есептерін шешу жолдары» 1 сағат, математикадан «математиканың күрделі тақырыптары» 1 сағат, химиядан «жалпы химия негіздері» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «Қазақ жерінің тарихы туралы деректер» тақырыбында 1 сағат берілді.

11) 2019-2020 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды; 10-11 сыныптарында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқыту 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11-сыныпта 25 сағатты құрады. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді.

2020-2021 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды; "Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды. 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" толық күнделікке тақырыптары енгізілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды; "Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды. 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды) және сабақ уақытында жүргізілуде.

12) 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен жүргізілді.

13)Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамынының ализі бойынша мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның

талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенцалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

| Оқу жылы | Барлық мұғалімдер саны | Жоғары біліктілік санаты | Бірінші біліктілік санаты | Екінші біліктілік санаты | Педагог-шебер | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | педагог | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2019-2020 | 22 | - | 2 | 1 | - | 1 | 4 | 4 | 10 | 32% |
| 2020-2021 | 23 | - | 1 | 1 | - | 1 | 5 | 8 | 7 | 30% |
| 2021-2022 | 26 | - | - | - | - | 2 | 10 | 6 | 8 | 46% |

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі -46%

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

| Оқу жылы | Барлық мұғалімдер саны | Жоғары біліктілік санаты | Бірінші біліктілік санаты | Екінші біліктілік санаты | Педагог-шебер | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | педагог | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2019-2020 | 37 | 1 | 4 | 5 | - | 5 | 4 | 3 | 15 | 38% |
| 2020-2021 | 34 | 1 | 3 | 3 | - | 5 | 8 | 8 | 6 | 50% |
| 2021-2022 | 45 | - | - | 1 | - | 9 | 14 | 9 | 12 | 51% |

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі - 51 %.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.

ҚР 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 74 бабын негізге ала отырып, Байғанин ауданының аумағындағы мектептердің медициналық кабинетін пайдалану үшін «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шарты» 2021 жылдың 1 қыркүйек айында «Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ және «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байғанин аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының арасында шарт жасасқан. Мүлікті жалдаудың шарты 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жарамды деп есептелген.

Медициналық қызметке лицензия №10632DD 2019 жылы 15 қарашада берілген. Мерзімі-шектеусіз.

Мектеп мейірбикесі – Венера Маратовна Шутеева. Ақтөбе медициналық колледжін 2017 жылы «медбике ісі» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын 2017 жылы 11 шілдеде алған. Сертификат 11.07.2022 жылға дейін жарамды. Тіркеу №KZ54VBM00657017. Медициналық кабинет бар. Кабинетке 2020 жылы 11 желтоқсан айында санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілген.

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 102 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 255,9 $м^2$. Бөлме саны – 11. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 53,5 $м^2$. Ас ішетін бөлменің ауданы – 158,3 $м^2$, ыдыс жуатын жер -9,8 $м^2$, қойма -44,1 $м^2$.

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина (ыстық сумен қамтылған), қол кептіретін құрал, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 2 аспазшы бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы ( төрт камфоралы) - 2 дана, нан пісіретін пеш-1 дана, тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 2 дана, өлшеуіш құрал (электрлі) - 1 дана, нан кескіш -1 дана, картофель тазалағыш-1 дана, ет тартқыш -1 дана.

2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында бойынша жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша арендатор ИП «Кенжина» тағайындалды. Бірақ оқу төтенше жағдай кезіндегі қашықтан оқуға байланысты тамақ берілген жоқ.

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 425 оқушы құрап отыр және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 70 оқушы тамақтанып отыр. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор А.Б.Кенжина «ИП Кенжина» тағайындалды. №D.03.X.KZ67VWF00049295 санитариялық-эпидемиологиялық сараптау 04.10.2021 жылы жасалған.

Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.

№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы 2019 жылы ашылды. Ғимарат қабырғаларының материалдары бетонды блок. Типтік үлгідегі ғимарат 300 оқушыға арналып салынған, екі қабатты. Жалпы аланы – 5957 $м^2$. Жұмысшы ауданы-4770,6 $м^2$. Оқыту тілі қазақ, жұмыс реті – екі ауысымда оқытылады. Мектеп жанындағы 2 қабатты 100 орындық интернат ғимараты бар,қабырғаларының материалдары -силикатты кірпіш, жалпы аланы 2424,1 $м^2$. Қазіргі танда 425 оқушы білім алуда. Заңды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 13 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының

Әділет департаменті Мұғалжар ауданаралық әділет басқармасы мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. БСН190540029716. Заңды тұлғаның атауы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектеп сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мектеп ғимаратында су құбырлары жүйесі орталықтандырылған, жағдайы жақсы. Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер бала-қыз балаларға арналған арналған 4 дәретхана жұмыс жасап тұр. Жылы сумен және қол кептіргіш құралдармен жабдықталған.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқу корпусында 25 бейне бақылау камералары орнатылған. Мектеп дәліздері, асхана, спорт залы, мектеп ауласы периметр бойынша камерамен бақыланып отырады. Мектеп интернатында барлығы -17 бейне бақылау камералары орнатылған.

Мектептің материалдық – техникалық базасы жақсы. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, комьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған. Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған. Әр оқушыға киім шкафы қарастырылған, барлығы 380 шкаф.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Барлық кабинеттер саны -22

1) Бастауыш сыныптар 5 кабинет (301,2 м$^2$), шағын орталық кабинеті -1 (65,1 м$^2$) мектептің оң қанатында орналасқан. Барлығы 5 класс кабинеті балаларға арналған жеке шкафтармен, сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен жабдықталған.

2) Жаңа модификациядағы Физика кабинеті (62,5 м$^2$). Кабинетте зертхана (17м$^2$) бөлмесі сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

3) Қазақ тіл мен әдебиеті кабинеті (64м2): 12 парта 24 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен,құжаттары, кітап сөресі және көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

4) Алғашқы әскери даярлық кабинеті (20,90 м$^2$) 6 парта, 12 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған.

5) Информатика кабинеттері -3 (28,4 м$^2$) барлығы 40 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор,пернетақта) 1 ноутбук, 1 модем, 37 оқушы партасы 37 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

6) Өзін-өзі тану кабинеті (44 м$^2$) 7 дана оқушы партасы, 14 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, 2 полкалы шкаф,1 компьютер,1 колонка,1 термометр,1 тақта, ақпараттық стендтер, 1 қолжуғышпен жабдықталған.

7) Жаңа модификациядағы биология кабинеті (64,8 м$^2$), оқушы, мұғалім үстелі мен орындықтары, жазу тақтасымен, көрнекілік таблицалары бар. Биология пәнінің лабораториясы (21 м$^2$) бөлек орналасқан. Кабинет сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

8) Жаңа модификациядағы химия кабинеті (86,1 м$^2$). Кабинетте зертхана (21м$^2$) бөлмесі сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

9) «Тігін шеберханасы» кабинеті (52,1 м$^2$), ас дайындау бөлмесі (19,6 м$^2$), тоңазытқыш-1, ауа алмастырғыш-1, электр плитасы-1, қол жуғыш-1, ыдыс жуғыш-1, сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған

10) Ер балаларға арналған шеберхана (79,2 м$^2$), толық жабдықталған.

11) Медициналық кабинеті (50,2 м$^2$) жазу үстелі, орындық, кушетка 1 дана, медициналық шкаф 1, канцелярлық үстел 1 дана, ширма, шыны қақпақпен медициналық үстелі 1,

тоназытқыш-1, тонометр, фонендоскоп, бактерицидтік шам, медициналық таразы, ростометр, вакцинаға арналған термоконтейнер,үстел шамы, қайшылар, жуынатын раковина (ыстық сумен қамтылған), дезинфекциалық заттар (қоры 3 айға жеткілікті) кеңсе құжаттары жинақталған т.б.

11) Дене шынықтыру залы (639 м$^2$), шешінетін орын-2, оқытушылар бөлмесі, спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Душ-2, қол жуатын орын, санузел-3, сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

12) Акт залы -72 орындық (212,1 м$^2$) , толық жабдықталған.

13) Математика кабинеті (65,1 м$^2$), толық жабдықталған.

14) Тарих кабинеті (40,9 м$^2$), толық жабдықталған.

15) Жаңа модификациядағы робототехника кабинеті (40,9 м$^2$), сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

16) Лингофон кабинеттері -2 (83,6 м$^2$) сабаққа қолданылатын құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

17) Кітапхана- оқу залы (50,7 м$^2$ ), кітап қоймасы (23,2 м$^2$ ). Кітап қоры-12977 дана, көркем әдебиет саны-721,электронный оқулықтар-2011 дана, оқырмандар саны-324.

14) Оқушыларға арналған оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі төмендегідей:

| **Сыныптар (жай сыныптар)** | **Апталық жүктемесі** | **Сыныптар (гимназиялық)** | **Апталық жүктемесі** |
|---|---|---|---|
| Мектепалды даярлық тобы | 20 сағат | | |
| 1 сынып | 22,5 сағат | | |
| 2 сынып | 24 сағат | | |
| 3,4 сынып | 27 сағат | 5 сынып | 34 сағат |
| 5,6 сынып | 31 сағат | 6 сынып | 35 сағат |
| 7 сынып | 34 сағат | 7 сынып | 36 сағат |
| 8 сынып | 35 сағат | 8 сынып | 37 сағат |
| 11 сынып | 37 сағат | 9 сынып | 39 сағат |
| | | 10, 11 сынып | 40 сағат |

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

Білім алушылар контингентінің құрылымы

| Р/с № | Контингент құрылымы | Бастауыш мектеп | Негізгі мектеп | Орта мектеп | Мектеп бойынша барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылар саны<br>2019-2020 оқу жылы<br>2020-2021 оқу жылы<br>2021-2022 оқу жылы (ақпан) | <br>177<br>179<br>167 | <br>185<br>171<br>209 | <br>31<br>38<br>49 | <br>393<br>388<br>425 |
| 2 | Жалпы сыныптар саны/ білім алушылар саны<br>2019-2020 оқу жылы<br>2020-2021 оқу жылы<br>2021-2022 оқу жылы (ақпан) | <br>8/22,1<br>8/22,3<br>8/20,8 | <br>9/20,5<br>8/21,3<br>10/20,9 | <br>2/15,5<br>3/12,6<br>3/16,3 | <br>19/20,6<br>19/20,4<br>21/20,2 |
| 3 | -жалпы білім беретін<br>2019-2020 оқу жылы<br>2020-2021 оқу жылы<br>2021-2022 оқу жылы (ақпан) | <br>8/22,1<br>8/22,3<br>8/20,8 | <br>4/20,2<br>3/23,6<br>5/22,4 | <br>2/15,5<br>2/15<br>1/15 | <br>14/20,6<br>13/21,5<br>14/21 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | -жоғары деңгейдегі (гимназиялық, лицейлік, академиялық және басқа)<br>2019-2020 оқу жылы<br>2020-2021 оқу жылы<br>2021-2022 оқу жылы (ақпан) | <br>-<br>-<br>- | <br>5/20,8<br>5/20<br>5/19,4 | <br>-<br>1/18<br>2/17 | <br>5/20,8<br>6/19,6<br>7/18,7 |
| 5 | -түзеу | - | - | - | - |

Сыныптарды топқа бөлу "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы негізінде іске асырылды.

15) Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) 1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

2019-2020 оқу жылында "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағы негізінде 9,11-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді.

2020-2021 оқу жылында 9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізілді.

| Оқу жылы | Сыныбы | Оқушы саны | Пәні | «5» | «4» | «3» | «2» | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 9 | 24 | Математика | 2 | 10 | 12 | - | 50 |
| | | 24 | Қазақ тілі | 2 | 11 | 11 | - | 54 |
| | | 24 | Орыс тілі | 3 | 9 | 12 | - | 50 |
| | 11 | 8 | Алгебра және АБ | 2 | 4 | 2 | - | 75 |
| | | 8 | Қазақстан тарихы | 1 | 7 | - | - | 100 |
| | | 8 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 2 | | 75 |
| | | | Қазақ әдебиеті | 3 | 4 | 1 | - | 87 |
| | | 8 | Орыс тілі | 2 | 5 | 1 | - | 87 |

2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 № 189 бұйрығы басшылыққа алынды.

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтауда 2019-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру

ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ. Осы орайда мұғалімдерге ескерту жасалды, өйткені, «Күнделік.кз» электронды журналында үй тапсырмасының уақытын барлығы бірдей көрсетпеген.

3) Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

2019-2020 оқу жылы 1-10 сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқыды. Барлық сыныпта БЖБ, ТЖБ уақытында қойылды. Короновирустық инфекциясының таралуына байланысты 4 тоқсаннан бастап қашықтықтан оқытуға көшірілді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «8» сәуірдегі № 135 бұйрығына 2-қосымшасы «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» -дың 2-бөлімі 20-тармағы басшылыққа алынып, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылды.

2020-2021 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді. 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14-тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

4) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу 2020 – 2021 оқу жылдары аралығында келесі оқушылар ерекше оқытуды қажет етеді деп Ақтөбе облыстық ПМПК қорытындысы негізінде төмендегі оқушылар танылды:

1) Кулбаев Әділет 7-сынып оқушысы, диагнозы- псизкалық дамуы тежелген, Ғ-83

2) Қызыл Медина Бауыржанқызына 8-сынып оқушысы, диагнозы -спастический церебральный паралич, G80.0 -үйден оқиды.

Осы балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау мақсатында мектепте ППК жұмыс жасайды. Жыл басында ППК құрамы бекітіліп, кеңес жоспары және жылдық жұмыс жоспары жасалып отырды. ППК құрамында оқу ісі орынбасары, тәрбие ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп медбикесі және осы балалар оқитын сыныптың жетекшілері кіреді.

Пән мұғалімдері баланың сабақтарына кіріп, оқушыны сырттай зерттеді. Инклюзивті оқыту бағдарламасына сәйкес қызметкерлердің жұмыс жоспары жасалынған. Бала үнемі мектепішілік бақылауда, ата-анасы баланың мектептегі өмірімен тығыз байланыста. Пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына сәйкес баланың оқу деңгейін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жеңілдетілген түрде жасап, бекіттірген. Инклюзивті оқыту бағдарламасына сәйкес қызметкерлердің жұмыс жоспары жасалынған әртүрлі мерекелік шараларда сыйлықтар беріліп, отбасылық шараларға қатыстырылып отырды.

16) Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: 2021-2022 оқу жылында каникул кезеңдері 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен:
1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда) (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.01.2022 жылғы №9 бұйрығы өзгерістермен 18 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 16 қаңтар аралығында)), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) болып бекітілген.

Мектепке дйінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша бағалау:
1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.

2019-2020 оқу жылында даярлық сыныпта тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес қамтамасыз етілді.

2020-2021 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 мамырдағы № 90 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес қамтамасыз етілді.

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020 ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекетттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (12.05.2020 ж.№195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін

ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.
2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әйкес білім беру қызметін жүзеге асырылды, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алынған.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-

дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып,толардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру:

Жыл басында даярлық сынып балалары денсаулық саласы бойынша; жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болдаы. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжындасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 деінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:
- топта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салалары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Даярлық топтарында мерекелерге байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Атап айтатын болсақ, Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз-Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы,Алтын күз, қаттар күніне. Тәрбиеленушілер әр мерекеге сай киініп, өз өнерлерін көрсетеді.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы: даярлық сыныпта 2 тәрбиеші жұмыс жасайды:

| № | Аты-жөні | Білімі | Бітірген оқу орны, жылы | Мамандығы | Қызметі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бүркітова Ұлболсын Аманқосқызы | Орта арнаулы | Ә.Молдағұлова атындағы Ақтөбе гуманитарлық колледжі 2014 ж | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Даярлық топ тәрбиешісі |
| 2 | Аманжолова Гулжан Аманжолкызы | Жоғары | Бәйішов атындағы университет 2018 ж | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | Даярлық топ тәрбиешісі |

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптары бойынша:

2019-2022 оқу жылдарында даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінен "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілген. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалған.

6) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Мектепалды даярлық сыныбының күнделікті ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті циклограммада көрсетілген. Қабылдау уақыты түске дейінгі топта 8:45-8:55, оқу қызметінің ұзақтығы 9:00-11:10, үйге қайту 11:00 (ата – аналармен байланыс). Түстен кейінгі топта 13:45-13:55, оқу қызметінің ұзақтығы 14:00-16:10, үйге қайту 16:10 (ата – аналармен байланыс). Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 25 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен іс- әрекеті негізінде жүргізілген. Сабақ кестесіндегі, перспективті жоспардағы пәндер саны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық сыныбының арнайы оқу бөлмесі 65,1 м$^2$ құрайды. "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім беру саласына негізделіп бұрыштар жасалған. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету жағдайларына қарай түрлі ойыншықтар (мозайкалар,құрастырғыштар, т.б.) бар.

2019-2020 оқу жылы -3 жеңімпаз- Жиенбай Інжу-I орын, Амандык Акмейір- III орын, халықаралық «Человек и природа» байқауы; Якубова Аянат-I дәрежелі диплом, Күреңбай Әли-I дәрежелі диплом, Нұрсейітқызы Әмина-II дәрежелі диплом республикалық байқау. А.Құнанбайұлының 175-жылдығына орай өткізілген «Болмасаңда ұқсап бақ» атты оқу марафонының жеңімпаздары: Жаңабай Даулет-I орын, Мұралбай Кәусар-II орын,Бексұлтанұлы Әділбек-I орын. Амандық Ақмейір-II дәрежелі диплом. Жиенбай Інжу -Алғыс хат, облыстық « Ұлы жеңіске тарту» мәнерлеп оқу байқауы I орын.- Сейітқалиев Айдын. I орын- Жаңабай Дәулет. Берік Інжу-II орын. Мақтау қағазы- Исабек Айша. Аудандық «Мен өлкеммен мақтанамын» атты байқау – Бексұлтанұлы Әділбек II дәрежелелі

диплом, аудандық онлайн-дует байқауы- Амандық Ақмейір, Мырзағали Рақымжан І орын.Аудандық «Менің каникулдағы бір күнім» атты онлайн бейне-ролик байқауы- Сапарбай Махмуд «Білімді бала»номинациясы , Аудандық « Сиқырлы қалам» сурет байқауының жеңімпаздары- Болысбай Бекзат-ІІІ дәрежелі диплом, Бабажанова Қарақат-ІІІ дәрежелі диплом, Сейітқалиев Айдын-ІІІ дәрежелі диплом, Қайрат Айжұлдыз- Алғыс хат.

2020-2021 оқу жылы – Халықаралық «Пони» байқауы- Құдайберген Мейірхан ІІІ дәрежелі, Манарбек Хамза-ІІІ дәрежелі диплом, Айса Айхат- ІІІдәрежелі диплом, Құлбатыр Дана-ІІІ дәрежелі диплом, Рүстем Бикелді-ІІ дәрежелі диплом, Жеткергенов Рамазан-ІІІ дәрежелі диплом иегері.

2021-2022 оқу жылы- Республикалық «Пони»байқауы- Берікқызы А І орын, Алматқызы Н-І орын, Барахат Ә-І орын.

7) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

2021-2022 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей:

| Топтар | Бала саны | І деңгей | ІІ деңгей | ІІІ деңгей |
|---|---|---|---|---|
| Даярлық сынып | 45 | «Денсаулық» -0<br>«Шығармашылық»-0<br>«Таным»- 0<br>«Қатынас»-0<br>«Әлеумет» -0 | «Денсаулық» -25<br>«Шығармашылық»-24<br>«Таным»- 25<br>«Қатынас»-26<br>«Әлеумет» -27 | «Денсаулық» -20<br>«Шығармашылық»-21<br>«Таным»- 20<br>«Қатынас»-19<br>«Әлеумет» -18 |

8. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді: Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2019-2020 оқу жылдарында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының даярлық сыныпта 24 сағатты құрады.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 мамырдағы №195 бұйрығы басшыыққа алынды.

Даярлық топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

1) орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жастағы балалар) – ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығының 1-қосымшасы 2019-2020 оқу жылдары алынды. 2020-2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

| Оқу жылы | Топтар | Жалпы көлемі | Вариативтік компонент | Оқу жүктемесі |
|---|---|---|---|---|
| 2019-2020 | Даярлық сынып | 20 | 4 | 24с |
| 2020-2021 | Даярлық сынып | 17 | 3 | 20с |
| 2021-2022 | Даярлық сынып | 17 | 3 | 20с |

9. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемі игерілген.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері бар және талданған.

10. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды,қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды,сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды,төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объекетілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын , қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне

мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды,балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

Комиссия төрағасы: Дабысов Мұрат Қосайұлы- мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Суйесинов К.И.

Азов Н.А .

Базарбаева В.К.

Абенова Б.А.

**Бағалау парағы**

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

| № р/с | МЖМБС жалпы талаптары мен бағалау өлшемшарттарының атауы | Баға |
|---|---|---|
| 1 | МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасызететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы | uzdik |
| 2 | Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру | zhaqsy |
| 3 | Зияткерлік конкурстарға қатысунәтижелері | zhaqsy |
| 4 | Көркемдік, шығармашылық конкурстармен байқауларға қатысу нәтижелері | - |
| 5 | МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білімберу саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру | - |
| | Қорытынды баға: | zhaqsy |

Комиссия төрағасы: Дабысов Мұрат Қосайұлы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Суйесинов Кайрат Игликович
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Азов Нұржан Аманкелдіұлы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Базарбева Венера Қырымқызы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Абенова Бибигуль Амангалиевна
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні, айы, жылы 25.02.2022 ж.

**Бағалау парағы**

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(білім беру ұйымының атауы)

| № р/с | МЖМБС жалпы талаптары мен бағалау өлшемшарттарының атауы | Баға |
|---|---|---|
| 1 | Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі | uzdik |
| 2 | Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі | zhaqsy |
| 3 | Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері | zhaqsy |
| 4 | Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері | zhaqsy |
| 5 | Интернет желісіне қосылу | zhaqsy |
| 6 | Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) | - |
| | Қорытынды баға: | zhaqsy |

Комиссия төрағасы: Дабысов Мұрат Қосайұлы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Суйесинов Кайрат Игликович

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Азов Нұржан Аманкелдіұлы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Базарбева Венера Қырымқызы

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Комиссия мүшесі: Абенова Бибигуль Амангалиевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні, айы, жылы 25.02.2022 ж